

## Бекей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі Сайқын ауылының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 қантардағы № 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қантарда № 5045 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, Сайқын ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Сайқын ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бекей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі Сайқын ауылының атаусыз көшелеріне мынадай атаулар берілсін:

"3У" көшесі – "Алаш Орда" көшесі;

"4У" көшесі – "Тәуелсіздік" көшесі.

2. Сайқын ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Л.Анесова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сайқын ауылдық округі әкімі

М.Аккалиев